

**«Әлем мәдениетінің үздік туындылары балалардың көзімен»  
халықаралық ғылыми-білім беру бағдарламасы  
Париж қ. Франция**

2013 жылғы 14-20 қарашада Францияның Париж қаласында өткен «Әлем мәдениетінің үздік туындылары» халықаралық ғылыми-білім беру бағдарламасына (бұдан әрі – ғылыми-білім беру бағдарламасы) «Әлем мәдениетінің үздік туындылары балалардың көзімен» республикалық балалар сурет байқауының жеңімпаздары мен «ЭКСПО-2017» балалардың көзімен» тақырыбы шеңберіндегі «Мектеп табалдырығынан ғылымға» ғылым және техниканың халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум жеңімпаздары төмендегі тізім бойынша қатысуға жіберілді:

- 1) Еришев Азамат
- 2) Кахаев Руслан
- 3) Мамбетов Нұрлан
- 4) Мұратов Еркебұлан
- 5) Есенжол Марғұлан
- 6) Оймауытова Айдана

7) Атажанова Лиля Алдабергенқызы – топ жетекшісі, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыру-әдістемелік ісі жөніндегі директордің орынбасары.

Ғылыми-білім беру бағдарламасының мақсаты өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын тәрбиелеу және қалыптастыру, оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығының инновациялық дамуын ынталандыру, сондай-ақ дарынды балалармен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту болып табылды.

Ғылыми-білім беру бағдарламасында ғылыми мұражайларға баруды, балаларды дамытатын демонстрациялық кешендерді қарастырды.

- Дискавери
- Лувр
- Париж құдай анасының соборы
- Ашылулар мен өнертабыс сарайы (Palais de la Decouverte);
- Жаратылыстану тарихының ұлттық мұражайы ( Muséum national d'histoire naturelle);
- Ғылым мен индустрия қалашығы (фр. Cité des sciences et de l'industrie);

Ашылулар мен өнертабыс сарайында (Palais de la Decouverte) балалар дәріскерлердің түсініктемелері арқылы интерактивті тәжірибелерге қатысу барысында еркін зерттеулерді жүргізуге және қозғалыс жасау мүмкіндігі берілді.

Ғылыми-білім беру бағдарлама қатысушыларына сертификаттар тапсырылды.